	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

БЕКІТІЛДІ
 Басқарманың шешімімен
 «__» _____ 20__ ж.
 №__ хаттама

«С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ
ғылыми-тәжірибелік конференцияларды
ұйымдастыру және өткізу туралы Ережесі

Қолдану мерзімі «__» _____ 20__ ж. бастап «__» _____ 20__ ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: № _____ ректордың бұйрығы «__» _____ 20__ ж.	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № Экземпляр № Көшірме №



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»**

Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина
ғылыми-зерттеу институты


Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды
ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

Редакция: 1

10 беттің 2 беті


КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні
ӘЗІРЛЕУ	Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ	Балмуханова А.В. «__»__ 20__ ж.	Андиржанова Г.Б. «__»__ 20__ ж.
КЕЛІСУ	Провост	Витянис Калибатас «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Атқарушы проректор	Сенбеков М.Т. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор	Жусупов Б.С. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Академиялық қызмет жөніндегі проректор	Байльдинова К.Ж. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Корпоративтік даму жөніндегі проректор	Датхаев У.М. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Ректор Аппаратының басшысы	Аубакиров Б.Ж. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Заң басқармасының басшысы	Гаитова М.А. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Экономика және қаржы департаментінің басшысы	Утегенов А.К. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің басшысы	Масанова А.А. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
ТІРКЕУ	Кадрлық жұмыс басқармасы	Сапакова М.М. «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	4
1.1	Қолдану саласы	4
1.2	Нормативтік сілтемелер	4
1.3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
2.	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жоспарлау	4
3.	Ғылыми-тәжірибелік конференцияны дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру	5
4.	Ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі материалдар	6
5.	Есеп	8
6.	Қорытынды ережелер	8
11.	Өзгерістерді тіркеу парағы	9
12.	Танысу парағы	10

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Редакция: 1 10 беттің 4 беті

1. Жалпы ережелер

1.1 Қолдану саласы

- 1) Осы құжат «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, әрі қарай мәтін бойынша «Университет» және оның құрылымдық бөлімшелерінің, ПОҚ, ғылыми қызметкерлерінің ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметін реттейді.
- 2) Ереже университетте ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ олардың жұмыс нәтижелері туралы есеп беру тәртібін анықтайды.
- 3) Ғылыми-тәжірибелік конференциялар білім беру үдерісін, ғылыми зерттеулерді, ғылымның басым және келешекті бағыттары бойынша университеттің инновациялық қызметін одан әрі дамыту, сондай-ақ сапалы контингенттің тәжірибелік және ғылыми дайындығын дамыту, университеттің оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің республикалық және халықаралық ұтқырлығын дамыту мақсатында өткізіледі.
- 4) Ереже ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізуді және ұйымдастыру-техникалық сүйемелдеуді жоспарлайтын және жүзеге асыратын университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің пайдалануына арналған.
- 5) Осы Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және ол бекітілген күннен бастап орындау үшін міндетті.
- 6) Ережеге өзгертулер университеттің Басқарма шешімімен бекітіледі.

1.2 Нормативтік сілтемелер

- 1) Осы Ереже келесі сыртқы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:
 - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
 - «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңы.


1.3 Терминдер, анықтамалар

Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылды:


Ғылыми-тәжірибелік конференция – ғылыми немесе тәжірибелік қызметтің нақты саласындағы мамандардың ашық пікір алмасуының ұйымдасқан түрі. Конференция қатысушыларының «дөңгелек үстелдер», «тәжірибелік семинарлар», «тренингтер» және т.б. түрінде өзара іс-қимылының интерактивті формаларын өткізуді көздейді.

2. Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жоспарлау

- 1) Кафедралар, университеттің құрылымдық бөлімшелері оқу жылына жоспарланған ғылыми-тәжірибелік конференциялар туралы ақпаратты Б.Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институтына, әрі қарай мәтін бойынша «Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ» ұсынады.
- 2) Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ жоспарланған ғылыми-тәжірибелік конференциялар туралы ақпарат негізінде университеттің ғылыми-тәжірибелік конференциялары жоспарын қалыптастырады.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Редакция: 1 10 беттің 5 беті

- 3) Ғылыми-тәжірибелік конференциялар жоспарын университеттің ғылым және цифрландыру жөніндегі проректоры бекітеді.
 - 4) «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ғылыми-тәжірибелік конференциялар жоспарына» уақытылы енгізілмеген ғылыми-тәжірибелік конференция ғылым және цифрландыру жөніндегі проректорға конференцияның өткізілуіне бір айдан кеш емес мерзімде қызметтік хат жолдау арқылы келісіліп, «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ғылыми-тәжірибелік конференциялар жоспарына» қосымша енгізілуі қажет.
 - 5) «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ғылыми-тәжірибелік конференциялар жоспарына» енгізілген конференцияның өткізу мерзімі өзгертілген немесе конференция өткізілмейтін жағдайларда ұйымдастыру комитетінің төрағасы ғылым және цифрландыру жөніндегі проректорға түсіндірмемен қызметтік хат жолдайды.
 - 6) Бекітілген ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу жоспары университет сайтының «Ғылым» бөлімінде орналастырылады.
- 3. Ғылыми-тәжірибелік конференцияны дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру**
- 1) Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ:
 - университеттің ғылыми-тәжірибелік конференцияларының жоспарын қалыптастырады;
 - ғылыми-тәжірибелік конференцияны тіркеу номерін бере отырып, электрондық журналға тіркеуді жүзеге асырады;
 - ғылыми-тәжірибелік конференцияның бағдарламасын қарастырады және бекітеді;
 - ғылыми-тәжірибелік конференцияның өткізілуі туралы есепті бақылайды.
 - 2) Кафедра, құрылымдық бөлімше:
 - іс-шараның белгілі бір кезеңіне және сол кезеңнің орындалу мерзіміне жауаптыны көрсетумен ғылыми-тәжірибелік конференцияны дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді;
 - қаржыландыру көзін көрсете отырып, іс-шараны өткізуге арналған шығыстардың алдын-ала сметасын (егер іс-шара қаржыландырылған болса) жасайды;
 - ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұйымдастыру комитетінің құрамын анықтайды. Ұйымдастыру комитетінің жұмысына басшылық жасауды оның төрағасы жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып осы ғылыми бағыттағы университет бейіні бойынша ұйымдастырушы жұмыс тәжірибесі бар маман тағайындалады. Ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы болып ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізуге жауапты бөлімше маманы тағайындалады. Ұйымдастыру комитеті бекітілген жоспарға сәйкес іс-шараны дайындау және өткізуге байланысты мәселелерді талқылау, шешімдер қабылдау және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін жиналады.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

- Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу туралы бұйрық жобасын дайындайды.

3) Ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұйымдастыру комитеті:

- іс-шараға жалпы басшылықты жүзеге асырады, мәтін әзірлейді және қатысушыларға ақпараттық хат жіберуді қамтамасыз етеді;
- қатысушының өтінішін және ғылыми-тәжірибелік конференция бағдарламасын жібереді;
- баяндамалар мен сөз сөйлеулер материалдарының жинақтарында жариялау үшін іс-шаралар материалдарын жинауды ұйымдастырады;
- ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушыларға жинақтар мен үлестірмелі материалдар дайындауды қамтамасыз етеді;
- қатысушыларды тіркеуді жүзеге асырады;
- ғылыми-тәжірибелік конференцияның тақырыбы бойынша қатысушылар арасында университеттің әдістемелік материалдарын, жарнамалық ақпараттарын және басқа да әдебиеттерді таратады;
- ғылыми-тәжірибелік конференцияны дайындау және өткізу мәселелері бойынша ескертулерді есепке алады және жою бойынша шаралар қабылдайды;
- қабылданған өлшемдер бойынша қатысушылардың баяндамаларын бағалауды бақылайды;
- факультет/институт кеңесінде ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу туралы есеп береді (Кеңес шешімі бойынша);
- іс-шараға қатысушылар үшін экскурсиялар өткізуді ұйымдастырады.

4. Ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі материалдар


1) Ақпараттық хат:

- ақпараттық хат мүдделі жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың мамандарын қатыстыру және ақпараттандыру мақсатында ұйымдастыру комитетімен рәсімделеді. Онда аталған іс-шараның тақырыбы, мақсаттары, негізгі бағыттары мен жұмыс түрлері көрсетіледі. Оның ұйымдастырушылары, демеушілері туралы мәліметтер, қатысу үшін баяндамаларды, ұсыныстар мен өтінімдерді ұсыну мерзімдері, материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар, іс-шараны өткізу орны мен уақыты, байланыс деректері көрсетіледі.
- ақпараттық хатты алдын ала әзірленген тізім бойынша іс-шара басталғанға дейін үш ай бұрын жіберу ұсынылады.


2) Шақыру билетін іс-шараның әлеуетті қатысушыларына ұйымдастыру комитеті қабылданған тізімге сәйкес жібереді. Шақыру билетінің үлгісін ұйымдастыру комитеті қабылдайды.

3) Конференцияға қатысуға өтінім:

- қатысушылар ұйымдастыру комитетіне іс-шараға қатысуға өтінімдерін жолдайды (жеке немесе пошта арқылы).

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже	Редакция: 1 10 беттің 7 беті

- өтінімде қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, азаматтығы, жұмыс орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы, мекен-жайы, байланыс телефондары, e-mail, хабарлама тақырыбы, баяндама материалдарын көрсету үшін қажетті техникалық құралдар және ұйымдастыру комитетінің сұрауы бойынша басқа да мәліметтер көсетілу тиіс.
- 4) Ғылыми-тәжірибелік конференцияның бағдарламасын ұйымдастыру комитеті және секциялардың жетекшілері әзірлейді.
- 5) Ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізуге арналған шығыстар сметасы:
- 1) Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды қаржыландыру университеттің ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыру көздеріне сүйене отырып жүзеге асырылады. Қаржыландыру көздері болуы мүмкін:
 - барлық деңгейдегі бюджет қаражаты;
 - гранттар, қорлар (республикалық, халықаралық және т.б.);
 - мақсатты қаражаттар;
 - жеке және заңды тұлғалардың ерікті қайырымдылықтары;
 - университеттің бюджеттен тыс қаражаты;
 - ұйымдастыру жарналары (ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу үшін ақшалай қаражаттың түсуі университеттің есеп шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен қатар қолма-қол ақшамен төлеммен де мүмкін).
- 2) Университет тарапынан ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді қаржыландыру үшін кафедралар, құрылымдық бөлімшелер келесі жылға жоспарланған іс-шаралар туралы экономика және қаржы департаментіне ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін өтінім береді.
- 3) Ғылыми-тәжірибелік конференцияны қаржыландыру үшін ұйымдастыру комитеті дайындаған, экономика және қаржы департаментімен келісілген, ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор бекіткен смета негіз болып табылады.
- 4) Алдын ала сметаны ұйымдастыру комитеті жасайды, экономика және қаржы департаментімен келісіледі және ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілгенге дейін бір ай бұрын ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор бекітеді.
- б) Материалдарды басып шығару:
 - ғылыми-тәжірибелік конференцияны дайындау және өткізу жоспарына сәйкес баяндамалардың материалдар жинағы, электронды жинақтар шығарылуы мүмкін. Жариялануға және сөз сөйлеуге ұсынылатын материалдар оларды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс;
 - ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың сөйлеген сөздерінің материалдарын жариялау, әдетте, іс-шараға қатысуға өтінім негізінде жүзеге асырылады. Ақпараттық хатта көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған материалдар қаралмайды. Материалдар жинағын ұйымдастыру комитеті қатысушыларға таратады немесе бірінші күні береді;
 - баяндама материалдарының жинағы іс-шара аяқталғаннан кейін де шығарылуы мүмкін. Іс-шараның қорытындысы бойынша материалдар жинағын дайындау кезінде оған қатысушылардың, әдетте, іс-шараның

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

мақсаттары мен міндеттеріне неғұрлым сәйкес келетін хабарламалары енгізіледі. Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша қатты басылымдардан басқа іс-шара материалдарының электрондық нұсқаларын шығаруға болады;

- ғылыми іс-шараны ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің талаптарына сәйкес рәсімделмеген іс-шара тақырыбына сай келмейтін мақалаларды жарияламауға құқылы.

5. Есеп

- 1) Ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізгеннен кейін ұйымдастыру комитетінің төрағасы (іс-шараға жауапты) іс-шара аяқталған күннен бастап 10 күн ішінде ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу туралы есепті Б.Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ ұсынуы тиіс.
- 2) Б.Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ:
 - университеттің ғылыми-тәжірибелік конференцияларының жылдық жоспарын қалыптастырады;
 - өтізілген барлық ғылыми-тәжірибелік конференциялар бойынша жалпы есепті қалыптастырады;
 - ғылыми-тәжірибелік конференциялар бойынша жоспарлау және есеп беру нәтижелерін талдайды;
 - университетте ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу әдістемелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

6. Қорытынды ережелер

- 1) Осы ереже «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметкерлермен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.
- 2) Осы Ережеде Б. Атшабарова атындағы ІМ ҒЗИ-ның университеттің жалпы құрылымындағы құқықтық жағдайын және оның ішкі нормативтік құжаттармен және белгіленген тәртіпте шығарылған университет әкімшілігінің ұйымдастыру-өкімдік актілерімен университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі барысында өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін қызмет саласын реттейтін негізгі нормалар берілген.
- 3) Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ басшысының орынбасарына жүктеледі, ол оны университеттің қол астындағы қызметкерлерге мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, Ереженің орындалуын қадағалауды және уақытында өзектендіруді қамтамасыз етеді.

